

BLUETOOTH  
СТЕРЕО ГАРНИТУРАСЫ  
**WAE-003**

aceline




## Сымсыз гарнитурасы Aceline WAE-003

### Құрметті сатып алушы!

«Aceline» сауда маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Аспапты пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта қолданғанда, оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Aceline гарнитурасы Bluetooth сымсыз байланыс технологиясымен жабдықталған және музыка тыңдауға арналған.

## Құрылғының сұлбасы



Басқару  
батырмасы

Зарядтауға арналған  
USB-ағытпа

Құрылғыны  
қосу





Гарнитура кез келген iOS және Android смартфондарымен және сандық құрылғылармен үйлесімді.

**Жиынтықта:** Bluetooth стерео гарнитурасы, S, M, L өлшемді құлақ ішпегі, USB кабелі, пайдаланушы нұсқаулығы.


## Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: WAE-003.
- Bluetooth: V5.0+EDR.
- Динамиканың диаметрі: 10 мм.
- Кіріс кернеуі: 3,7 В, 500 мА.
- Батареяның сыйымдылығы: 90 мА/сағ.
- Жұмыс істеу уақыты: шамамен 4-5 сағат.
- Зарядтау уақыты: шамамен 1-2 сағат.
- Күту режимінде жұмыс істеу уақыты: 240 сағат.

## ҚҰРЫЛҒЫНЫ БАСҚАРУ

- Қосу: батырманы көк индикатордың шамы жыпылықтағанша , басып тұрыңыз.
- Өшіру: батырманы қызыл индикатордың шамы жыпылықтағанша , басып тұрыңыз.
- Кіріс қоңырауға жауап беру/аяқтау  қоңырауды қабылдау үшін батырманы басыңыз және қоңырауды аяқтау үшін қайтадан басыңыз.
- Ойнату/Кідірту: батырманы басыңыз .
- Келесі композицияға өту: «+» батырмасын басыңыз.
- Алдыңғы композицияға өту: «-» батырмасын басыңыз.
- Дыбыс деңгейін арттыру: «+» батырмасын басып тұрыңыз.
- Дыбыс деңгейін азайту: «-» батырмасын басып тұрыңыз.

## Құрылғымен байланыс орнату үшін

- Өз сандық құрылғыңызда Bluetooth қосыңыз.
- Құрылғының жұптастыру режиміне өткенін білдіретін  қызыл және көк индикатор шамдары жыпылықтағанша, түймені басып тұрыңыз.
- Қол жетімді құрылғылар тізімінен «WAE-003» таңдаңыз.
- Құрылғы қосылды.  
Жұптаспаған жағдайда, құрылғыдағы Bluetooth-ті өшіріңіз, гарнитураны өшіріп, содан кейін қайта қосыңыз.

## Гарнитураны зарядтау

- Алғаш рет қолданар алдында гарнитураны толығымен зарядтаңыз.
- Құрылғыны жиынтықта берілетін USB кабелі арқылы қуат көзіне қосыңыз.
- Зарядтау кезінде қызыл индикатор шамы жана бастайды.
- Зарядтау аяқталғаннан кейін көк индикатор шамы жанады. Егер құрылғы қуат көзіне қосылған кезде көк индикатор шамы жыпылықтаса, құрылғы зарядталды.
- Құрылғы пайдалануға дайын.

**Назар аударыңыз:** жиынтықта берілген USB кабелін ғана пайдаланыңыз.

## Сақтық шаралары

- Құрылғының құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеңіз.
- Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін құрылғының кез-келген сұйықтықпен жанасуын болдырмаңыз, оның жанына сұйықтық құйылған ашық сыйымдылықтарды қоймаңыз.
- Құрылғыны электромагниттік сәулеленудің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Есту қабілетіне зиян келтірмеу үшін құлаққапты қауіпсіз дыбыс деңгейінде қолданыңыз.

## Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны құрғақ жерде сақтау және тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек.



Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

## Кепілдемелік міндеттемелер

Өндіруші осы өнімге 12 ай кепілдік мерзімін белгілейді және кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтауда ақау болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тұтынушының кінәсынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Жеке, кәсіби емес пайдалануға арналған өнімнің қызмет мерзімі пайдалану ережелерінің сақталуы шартымен 2 жылды құрайды.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Шэньчжэнь Ди-фаст Тэкнолоджи Ко., ЛТД.  
А301, Ганъи зауыты, №27, Баолун тас жолы, Ляньхэ өнеркәсіптік паркі, Наньюэ Комьюнити, Баолун көш., Лунган ауданы, Шэньчжэнь, Қытай.  
**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**  
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Султан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.  
**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.  
Қытайда жасалған.  
Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.  
Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін. Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.  
Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.